

6D080200 – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кулбаев Рухан Мадияровичтің «Қазақтың ақбас тұқымы ірі қарасының тұқым ішілік типтерінің шаруашылықтық маңызды белгілері мен биологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ШҚІРІ

Жұмыстың өзектілігі. Мал шаруашылығы – Қазақстан экономикасының маңызды саласы. Ақуызды өнімдерге сұраныстың артуы мен заманауи технологиялардың енгізілуі бұл саланың дамуына серпін беруде. Етті мал шаруашылығын тиімді дамыту үшін асыл тұқымды база қалыптастыру, өнімділігі жоғары тұқымдарды шығару және оларды тиімді пайдалану қажет. Етті ірі қара тұқымдары жоғары ет сапасымен, тез жетілгіштігімен және азықты тиімді пайдаланумен ерекшеленеді.

Қазақстанда кең таралған қазақтың ақбас сиыры қатал табиғи жағдайларға бейімделген, төзімді, жем-шөпке талғамсыз және сапалы ет береді. Бұл тұқымның өнімділік және тұқымдылық қасиеттерін зерттеуге көптеген ғалымдар үлес қосты. Батыс Қазақстан облысы – осы тұқымды дамытуға қолайлы өңір. Мұнда жоғары өнімді табындар қалыптасқан. Соңғы жылдары бес аталық із бен екі жаңа тұқымішілік тип (аңқатылық ірілендірілген және шағатайлық тұқыл) анықталды.

Батыс өңірі қазақтың ақбас сиырын асылдандыру мен таратуда жетекші рөл атқарады. Осы тұқымның генетикалық қасиеттерін жетілдіру мен ет өнімділігін арттыру – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелер. Алынған ғылыми нәтижелердің сенімділігі зерттеудің әртүрлі әдістерді (фенотиптік бақылау, генетикалық талдау, физиологиялық өлшеулер, ет өнімділігін бағалау, экономикалық талдау) қолдануымен қамтамасыз етілді. Әсіресе, әр типтің генетикалық ерекшеліктерін анықтау үшін микросателлиттік маркерлерді қолдану нәтижелердің генетикалық негізін дәлелдейді. Сонымен қатар, әр түрлі типтегі бұқашықтардың өсу динамикасын, физиологиялық жағдайын және ет сапасын жан-жақты зерттеу алынған деректердің объективтілігін арттырады.

Қазақтың ақбас тұқымының ДНҚ SNP-генотиптеу реагенттер мен жабдықтарды өндірушілердің әдістемесіне сәйкес жүргізілді, оның қағидасы ДНҚ учаскелерін чиптегі белгілі SNP-ге байланыстыруға және жарықтық толқындардың әртүрлі ұзындықтарындағы флюоресценциясына негізделеді, бұл ДНҚ-ң қандай да бір учаскесінде SNP-ң білінуі туралы шынайы деректерді алуға мүмкіндік береді. Жабы типінің қазақ тұқымын толық геномды SNP-генотиптеу Illumina Inc. компаниясында өндірілетін Equine 80k HTS биочиптер мен реагенттер жиынтығын қолдану арқылы жүргізілді. Зерттеулер биотехнология және инфекциялық ауруларды диагностикалаудың аккредиттелген зертханасында (№KZ.T.09.E0858) жүргізілді. «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университет» КЕАҚ Сынау орталығы. Зертхананың аккредиттау саласы – ауыл шаруашылығы жануарларын, соның ішінде ірі қара малды генотиптеу. Зертхананың қызметкерлері «Ауыл

шаруашылығы жануарларын молекулалық-селекциялық сараптау үшін амплификацияланған фрагменттер ұзындығының полиморфизмін (АФҰП) талдау әдістемесін» (17.02.2017 жылғы № 1176 куәлік), сондай-ақ «Өлшеулерді орындау әдістемесі. Жануарлардың генетикалық бейінін ядролық ДНҚ зерттеу әдісімен анықтау әдістемесін» (24.11.2021 жылғы № 314 куәлік) әзірледі және «КазИнМетр» РМК аттестаттады.

Ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Ғылыми нәтижелердің негізділігі мен жаңалығы Батыс Қазақстан облысы жағдайында қазақтың ақбас тұқымының түрлі тұқымішілік типтерінің тұқымдық қасиеттері, өнімділік сапасы және кейбір физиологиялық-биохимиялық көрсеткіштерін алғаш рет салыстырмалы түрде зерттеу арқылы дәлелденеді. Алынған мәліметтердің шаруашылықтарға ұсынылып, тәжірибеде енгізілуі олардың практикалық маңыздылығын және негізділігін көрсетеді. Бұл зерттеудің жаңалығы - аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, бұрын зерттелмеген тұқымішілік типтердің кешенді талдауының жүргізілуінде.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертациялық жұмыс келесі бөлімдерден тұрады: кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері, қорытынды, әдебиеттер тізімі мен қосымшалар.

Зерттеулерге қосқан жеке үлесі. Р.М. Кулбаевтің «Қазақтың ақбас тұқымы ірі қарасының тұқым ішілік типтерінің шаруашылықтық маңызды белгілері мен биологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясы өз авторының кәсіби құзыреттілігін куәландыратын дербес ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертация тақырыбы бойынша зерттеулерді автор жеке өзі жүргізді.

Докторант зерттеудің мақсаты мен міндеттерін өз бетінше анықтады, бастапқы материалды талдаудың тиісті әдістерін сауатты таңдап, шебер қолданды, жұмыстың барлық бөлімдері бойынша қажетті жұмыстардың толық кешенін жеке өзі жүзеге асырды, алынған деректерді өңдеді, зерттеу нәтижелерін талдады және қорытындыларды сауатты және қысқаша тұжырымдады және практикалық ұсыныстар берді. Автор жұмыстың нәтижелерін ғылыми конференцияда баяндады.

Қарастырылып отырған диссертациялық жұмыс осы бағыттағы ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді, кәсіби тұрғыдан сауатты, түсінікті тілде баяндалған, өте ауқымды әдеби материалды қолдана отырып дәйекті және дәлелді түрде жазылған.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы: Р.М. Кулбаевтің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-де «Ауыл шаруашылығы малдарын өсіру және селекциясы», «Ірі қара мал етін және сүтін өндіру технологиясы», «Жануарлар биотехнологиясы», «Ауыл шаруашылығы малдарының түрлері бойынша селекциясы және биотехнологиясы» пәндері бойынша зертханалық және практикалық сабақтарда, студенттердің өзіндік жұмысын орындауда және ғылыми үйірмелердің жұмыстарында қолданылады.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі қасиеттері, ғылыми зерттеу әдістерінде жинақталған тәжірибе. Кулбаев Р.М. 6D08200 – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы білім беру бағдарламасы бойынша докторантураның толық теориялық және практикалық курсын сәтті аяқтады. Жоспар бойынша "Ресей Ғылым академиясының биологиялық жүйелер мен агротехнологиялардың Федералды ғылыми орталығы" федералды мемлекеттік бюджеттік ғылыми мекемесінде тәжірибеден өтіп, ауыл шаруашылығы саласындағы озық технологияларды меңгерді.

Докторанттың біліктілігі жоғары, ірі кара малдың селекциясын, іріктеу мен жұп таңдауды біледі, сонымен қатар ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, ғылыми мақалалар дайындау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру дағдыларын кәсіби түрде қолданады.

Қорытынды. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс біліктілікті айқындайтын дербес ғылыми жұмыс болып табылады және мал шаруашылығы саласындағы геномдық технологиялардың дамуына елеулі үлес қосады деп есептеймін.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, ғылыми-практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылған ғылыми мәселелердің тереңдігі, қорытындыларының негізділігі 6D080200 – Мал шаруашылығы өнімдерінің өндіріс технологиялары білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Отандық ғылыми кеңесшісі:

Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің
ғылым жөніндегі
проректоры, доценті



Ә.С. Шәмшідін

Отандық ғылыми кеңесшінің
қолын растаймын

С.М. Баянтасова

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ

ҒАЛЫМ ХАТШЫ

«__»__ 2025 г.

